

31 Криминологиялық болжау

1 Криминологиялық болжаудың түсінігі, онда қолданылатын мәліметтер

Криминологиялық болжау - қылмыстылықтың (деңгейі, құрылымы, динамикасы) және оның детерминанттарының болашақтағы жай-күйі, белгілі бір уақыт аралығында қылмыстылықтың алдын алу және өзге де ықпал ету шараларын қолдану мүмкіндігі туралы ықтимал пікірлер.



Н.Ф.Кузнецованың пікірі бойынша криминологиялық болжау кезінде ескерілуі тиіс мән-жайлар:



- Қылмыстылыққа тұрақты және елеулі ықпал ететін әлеуметтік үрдістердің жай-күйі мен даму бағыттарын сипаттайтын кем дегенде соңғы 10 жыл ішіндегі статистикалық мәліметтер мен іріктеп байқау нәтижелері;

- Болжам жасалатын уақыт ішінде аталған үрдістердің жай-күйі мен даму бағыттарындағы ықтимал өзгерістер туралы мәліметтер;

- Жалпы қылмыстылықтың және оның жекелеген түрлерінің деңгейі, құрылымы және динамикасы, қылмыскерлер контингенті, аумақтық бөлінісі, қол сұғушылық объектісі, ниеті мен тәсілдері және т.б. белгілері бойынша кем дегенде соңғы 10 жыл ішіндегі статистикалық мәліметтер мен іріктеп байқау нәтижелері;

- Аталған мерзім ішінде алдын алу және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдану тәжірибесінің көлемін, құрылымын, даму бағыттарын сипаттайтын статистикалық мәліметтер мен іріктеп байқау нәтижелері;

- Алдыңғы 10 жыл ішіндегі және болжам жасалатын уақыттағы Қылмыстылықпен күресуді құқықтық реттеу, ұйымдастыру және ресурстық қамтамасыз етудегі ықтимал өзгерістер туралы мәліметтер;

- Болжам жүргізілетін мерзімдегі қоғамдық пікірдің жай-күйі және даму бағыттары туралы мәліметтерді алдыңғы 1-3 жылдағы мәліметтермен салыстыру;

- Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа түрлері, қылмыстық әрекеттердің жаңа нысандары мен тәсілдері туралы мәліметтер;

- Аумақаралық және мемлекетаралық сипаттағы қылмыстар туралы мәліметтер;

- Жақын аумақтардағы және көрші мемлекеттердегі қылмыстылықтың және онымен күрес жүргізудің жай-күйі және болжамдары.

Мақсаттары мен міндеттері

- Қылмыстылықтың болашақтағы дамуын (өзгеруін) сипаттайтын көрсеткіштерді анықтау, соның негізінде жағымсыз тенденциялар мен заңдылықтарды айқындау, оларды қажетті бағытқа өзгерту жолдарын таңдай білу;

- Тиімді жоспарлар жасау үшін елеулі маңызы бар барлық мән-жайларды анықтау;

- Құрылымдық бөлігі ретінде құқық қорғау органдарының тиімді қызметін қамтамасыз етуді көздейтін қылмыстылықпен күресудің жалпы концепциясын әзірлеу;

- Қылмыстылықтың жай-күйі, деңгейі және динамикасындағы болашақтағы ықтимал өзгерістерін анықтау;

- Аталған өзгерістерге ықпал ететін мән-жайларды анықтау.

2 Криминологиялық болжаудың негізгі кезеңдері

Криминологиялық болжаудың негізгі кезеңдері



- *Болжау алдындағы бағдарлау* - мақсаты мен міндеттерін, гипотезаларды, уақытын және т.б. айқындау;

- *Қылмыстылықтың және онымен күресудің дамуына ықпал ететін үрдістер мен құбылыстар туралы мәліметтерді жинақтау;*

- *Іріктеме болжау* - нақты шешімдер қабылдануы тиіс мәселелерді анықтау үшін ықпал етуші үрдістер мен факторларды ескере отырып даму бағыттарының ықтимал нұсқаларын іріктеу;

- *Нормативті болжау* - анықталған мәселелерді шешудің ықтимал тәсілдерін олардың сипатын, көлемін, шаралардың құрылымын, ресурстарын сипаттайтын нормативтерді ескере отырып анықтау;

- Болжаулардың негізділігін *бағалау*;

- Қылмыстылықпен күресуді және оның шарттарын бақылауды жетілдіру бойынша *ұсыныстар әзірлеу*.

3 Криминологиялық болжау түрлері

Криминологиялық болжаудың үш негізгі түрлері



- *Криминологияның дамуын болжау* криминологиялық зерттеулерді болжауды және криминологияның нақты бағыттарының даму болашағын анықтауды қамтиды;

- *Қылмыстылықты болжау* қылмыстылықтың келесі түрлерін болжауды қамтиды: бірінші рет жасалған және қайталанған қылмыстылық; ер және әйел адамдардың қылмыстылығы; қаладағы және ауылдық жерлердегі қылмыстылық; жекелеген аумақтардағы немесе өкімшілік-аумақтық бөліктердегі қылмыстылық; жекелеген объектілердегі немесе экономика салаларындағы қылмыстылық;

- Нақты тұлғаның болашақта қылмыстық құқық бұзушылық жасау ықтималдылығын білдіретін *дербес мінез-құлықты болжау* криминологиялық болжаудың бір түрі ретінде қарастырылады.